

2016 жылға арналған мектепке дейінгі тәрбие мен оқытуға мемлекеттік білім беру тапсырысын, жан басына шаққандағы қаржыландыру және ата-ананың ақы төлеу мөлшерін бекіту туралы

Жамбыл облысы Жамбыл аудандық әкімдігінің 2016 жылғы 9 маусымдағы № 285 қаулысы. Жамбыл облысы Әділет департаментінде 2016 жылғы 1 шілдеде № 3120 болып тіркелді

РҚАО-ның ескертпесі.

Құжаттың мәтінінде түпнұсқаның пунктуациясы мен орфографиясы сақталған.

"Қазақстан Республикасындағы жергілікті мемлекеттік басқару және өзін-өзі басқару туралы" Қазақстан Республикасының 2001 жылғы 23 қаңтардағы Заңына және "Білім туралы" Қазақстан Республикасының 2007 жылғы 27 шілдедегі Заңының 6 бабының 4 тармағының 8-1) тармақшасына сәйкес Жамбыл ауданының әкімдігі
ҚАУЛЫ ЕТЕДІ:

1. Қосымшаға сәйкес 2016 жылға арналған мектепке дейінгі тәрбие мен оқытуға мемлекеттік білім беру тапсырысын, жан басына шаққандағы қаржыландыру және ата-ананың ақы төлеу мөлшері бекітілсін.

2. "Жамбыл облысы Жамбыл ауданы әкімдігінің білім бөлімі" коммуналдық мемлекеттік мекемесі заңнамада белгіленген тәртіппен:

- 1) осы қаулының әділет органдарында мемлекеттік тіркелуін;
- 2) осы қаулының мемлекеттік тіркеуден өткеннен кейін он күнтізбелік күн ішінде оны ресми жариялауға мерзімді баспа басылымдарына және "Әділет" ақпараттық – құқықтық жүйесіне жіберуді.

3. Осы қаулының орындалуын бақылау аудан әкімінің орынбасары Үміткен Қапанқызы Наймановаға жүктелсін.

4. Осы қаулы әділет органдарында мемлекеттік тіркелген күннен бастап күшіне енеді және оның алғашқы ресми жарияланған күннен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі.

Аудан әкімі

М. Мұсаев

Жамбыл ауданы әкімдігінің
2016 жылғы 09 маусымдағы
№ 285 қаулысына қосымша

2016 жылға арналған мектепке дейінгі тәрбие мен оқытуға мемлекеттік білім беру тапсырысы, жан басына шаққандағы қаржыландыру және ата-ананың ақы төлеу мөлшері

№	Мектепке дейінгі мекемелер	Мемлекеттік білім беру тапсырысы (орын),оның ішінде қаржыландыратын		Бір айға жан басына шаққандағы қаржыландыру мөлшері, (теңге) оның ішінде қаржыландырылатын			Бір айға ата-ананың ақы төлеу мөлшері (теңге)
		Республикалық нысаналы трансферттер есебінен (орын)	Жергілікті бюджет есебінен (орын)	Республикалық нысаналы трансферттер есебінен (теңге)	Республикалық бюджеттен қаржыландырылатын балабақшаларға, шағын орталықтарға жергілікті бюджеттен қосымша бөлінетін қаржы	Жергілікті Бюджет есебінен (теңге)	
1	Шағын орталық	825	150	19599	2000	13015	4500
	Балабақша						
1	Жеке меншік 20 орынға дейін	20		19599			10000
2	25 орынға дейін	25		19599	39603		5500
3	40 орынға дейін	25	15	19599	25659	45258	5500
4	50 орынға дейін	50		19599	20295		5500
5	65 орынға дейін	25	40	19599	15576	35175	5500
6	75 орынға дейін	25	50	19599	11261	30860	5500
7	80 орынға дейін	80		19599	19025		5500
8	85 орынға дейін	50	35	19599	14286	33885	5500
9	116 орынға дейін		116			22669	5500
10	140 орынға дейін	280		19599	8141		5500
11	150 орынға дейін	75	75	19599	5797	25396	5500
12	170 орынға дейін		170			30643	5500
13	180 орынға дейін		180			23339	5500
14	280 орынға дейін	840		19599	2894		5500
15	Жеке меншік 280	280		19599			12000

орынға дейін						
Барлығы	1775	681				

© 2012. Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінің «Қазақстан Республикасының Заңнама және құқықтық ақпарат институты» ШЖҚ РМК